

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Теология факультеті
Оқу-әдістемелік комитет мәжілісінің

№3 хаттамасы

Түркістан қаласы

18.11.2024 ж.

Қатысқандар: факультет деканы С.Абжалов, факультеттің оқу ісі жөніндегі декан орынбасары Д.Жаркинбаева, факультеттің ғылым және тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары Н.Қыпшақбаев, факультеттің оқу-әдістемелік комитет төрағасы PhD., Қ.Қалдыбай, кафедра меңгерушілері: PhD., Д.Шауенов, PhD., М.Исаев, PhD., Ф.Камалова және ОПК.

Күн тәртібінде:

1. Бітіруші студенттер мен магистранттар, докторанттар үшін қорытынды аттестаттау пәндерінің тізімін талқылап, емтихандардың сұрақтарын талдау, бағдарламаларын бекітуге ұсыну және бітіру жұмысы формасын (диплом жұмысы/дипломдық жоба) анықтау
2. Дипломдық, магистрлік докторлық жұмыстардың (жоба) тақырыптарын, жетекшілерін, пікір берушілерін талқылау, бекітуге ұсыну.
3. Студенттер арасында пәндік олимпиадалар ұйымдастыру
4. Білім алушылардың құзыреттерді меңгеру деңгейін бағалаудың факультетте жүзеге асырылу жағдайын талдау
5. Кафедраларда оқытылатын пәндердің оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз етілуі жағдайы
6. Әр түрлі мәселелер

1-мәселе бойынша: оқу-әдістемелік комитет төрағасы Қ.Қалдыбай сөз алып, 2024-2025 оқу жылында факультет Бітіруші студенттер мен магистранттар, докторанттар үшін қорытынды аттестаттау пәндерінің тізімін талқылап, емтихандардың сұрақтарын талдау, бағдарламаларын бекітуге ұсыну және бітіру жұмысы формасын (диплом жұмысы/дипломдық жоба) анықтауды ұсынды. Кафедра меңгерушілері: PhD., Д.Шауенов, PhD., М.Исаев, PhD., Ф.Камалова сөз алып өз пікірлерін білдірді.

2-мәселе бойынша: Кафедра меңгерушілері PhD, Д. Шауенов және PhD, Ф. Камалова сөз алып, 2024–2025 оқу жылына арналған дипломдық, магистрлік және докторлық жұмыстардың (жобалардың) тақырыптарын, ғылыми жетекшілерін және пікір берушілерін талқылап, бекітуге ұсынды. Талқылау барысында ұсынылған тақырыптардың өзектілігі, ғылыми жаңалығы және білім беру бағдарламаларының мазмұнына сәйкестігі қарастырылды.

3-мәселе бойынша факультет деканы С.Абжалов сөз алып студенттер арасында пәндік олимпиадалар ұйымдастыру жұмыстарын пысықтады.

Комитет отырысында студенттер арасында пәндік олимпиадалар ұйымдастыру мәселесі қарастырылды. Олимпиадалардың мақсаты – студенттердің теориялық білімін тереңдету, зерттеу дағдыларын дамыту және пәнге қызығушылығын арттыру болып белгіленді. Әр кафедраға пәндік олимпиадаларды ұйымдастыру кестесін әзірлеу, олимпиада сұрақтарын жаңарту және дарынды студенттерді анықтау бағытында жұмыс жүргізу тапсырылды. Сонымен қатар, жеңімпаздарды марапаттау және үздік нәтижелерді республикалық деңгейдегі байқауларға ұсыну туралы шешім қабылданды.

4-мәселе бойынша Факультеттің оқу ісі жөніндегі декан орынбасары Д. Жарқынбаева сөз алып, 2024–2025 оқу жылы бойынша Теология факультетінде білім алушылардың құзыреттерді меңгеру деңгейін бағалаудың жүзеге асырылу жағдайына талдау жасады. Талқылау барысында оқу нәтижелерін бағалау критерийлері, қолданылатын әдістемелер мен

өлшеу құралдарының тиімділігі қарастырылып, студенттердің пәндік және кәсіби құзыреттерді игеру көрсеткіштері талданды. Сонымен қатар, бағалау сапасын жетілдіру мен оқу үдерісін оңтайландыру бойынша ұсыныстар енгізілді.

5-мәселе бойынша: Кафедра меңгерушілері PhD, Д. Шауменов, PhD, М. Исаев және PhD, Ф. Камалова сөз алып, кафедраларда оқытылатын пәндердің оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз етілу жағдайы туралы баяндады. Баяндамашылар оқу-әдістемелік материалдардың жаңартылу деңгейі, пәндердің силлабустары мен оқу құралдарының өзектілігі, сондай-ақ электрондық ресурстар базасының толықтығы жөнінде ақпарат берді. Талқылау нәтижесінде оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстар қабылданды.

6-мәселе бойынша: Факультет деканы С. Абжалов сөз алып, жатақханада тұратын студенттер арасындағы тәртіп мәселесін пысықтады. Тәртіптік мәдениетті нығайту, студенттердің тұрмыстық жағдайы мен ішкі тәртіп ережелерін сақтау мәселелері қарастырылды. Декан студенттердің жауапкершілігін арттыру, тәрбиелік іс-шараларды күшейту және профилактикалық жұмыстарды жүйелі түрде жүргізу қажеттігін атап өтті.

Шешім:

1. Бітіруші студенттер мен магистранттар, докторанттар үшін қорытынды аттестаттау пәндерінің тізімін талқылап, емтихандардың сұрақтарын талдау, бағдарламаларын және бітіру жұмысы формасын (диплом жұмысы/дипломдық жоба) бекітілуге ұсынылсын.
2. Дипломдық, магистрлік докторлық жұмыстардың (жоба) тақырыптарын, жетекшілерін, пікір берушілерін талқыланып, бекітілуге ұсынылсын.
3. Студенттер арасында пәндік олимпиадалар ұйымдастыру жұмыстары ұйымдастырылсын.
4. Білім алушылардың құзыреттерді меңгеру деңгейін бағалаудың факультетте жүзеге асырылу жағдайын талданып, бекітілсін.
5. Кафедраларда оқытылатын пәндердің оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз етілуі жағдайы анықталып, қажетті оқулықтарға ұсыныстар берілсін.
6. Жатақханада орналасқан Теология факультеті бойынша білім алушылардың тиісті жұмыс жүргізілсін.

**Факультеттің оқу-әдістемелік
комитет төрағасы**



Қ.Қалдыбай